Аналитикалық есептің объектісі қойылған мақсатқа сәйкес жүргізілетін диагностика, профилактикалық, түзету-дамыту іс-шаралары болып табылады.

Зерттеу пәні оқушылардың психологиялық зерттеу деректерін талдау, дамыту, түзету бағдарламаларын іске асырудың тиімділігі болып табылады.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

1. Өзекті даму деңгейін анықтау, "тәуекел тобындағы" оқушыларды анықтау мақсатында оқушыларға жыл сайынғы тексеру жүргізу.
2. Түзету жұмыстарының топтарын қалыптастыру мақсатында оқушылардың тұлғалық және субъективті дамуына жыл сайынғы мониторингті жүзеге асыру.
3. Білім беру процесінің барлық субъектілері үшін консультациялық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету.
4. Оқыту мен тәрбиелеу процесінде сараланған тәсілді қамтамасыз ету үшін ұсыныстар әзірлеу.

Диагностикалық бағыт 2023-2024 ж.

5 сынып оқушыларының бейімделу диагностикасы (5А сауалнамасы)

Зерттеудің мақсаты-білім алушылардың әлеуметтік-психологиялық бейімделу деңгейін, оқу мотивациясы мен мазасыздығын анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- білім алушыларға сауалнама жүргізу
- сауалнамаларды талдау және өңдеу
- көмекке мұқтаж білім алушыларды анықтау,
- оқушылармен жұмыстың негізгі бағыттарын белгілеу

Жоспарланған нәтиже-бесінші сынып оқушыларының сәтті және өтпелі бейімделуіне ықпал ететін оқу-тәрбие процесіне қолайлы және қолайлы жағдайлар жасау.

Әдістеме атауы: «Лусканов сауалнамасы»

Мақсаты: Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау

Сынып: 5 «А»

Қатысушы: 27 оқушының 25 оқушысы қатысты.

Жалпы, оқушылардың сауалнамасы бойынша келесі қорытындылар жасауға болады:

№	Сұрақтар	Ия	Жоқ
1	Саған мектеп ұнай ма немесе ұнамай ма?	92%	8%
2	Таңертең сен ұйқыдан тұрғанда мектепке қуанышпен барасың ба, әлде үйде қалғың келе ме?	72%	28%
3	Егер мұғалім мектепке ертең барлығыңның келуің шарт емес, келгісі келген оқушылар ғана келсін десе, сен сабаққа келесің бе, әлде үйде қаласың ба?	80%	20%
4	Кейбір сабақтың болмай қалуы саған ұнай ма?	60%	40%
5	Саған үй тапсырмасын бермегенін қалайсың ба?	48%	52%
6	Сен сабақта үзілістің көп болғанын қалайсың ба?	64%	36%
7	Сен ата-анаңа мектеп жайында жиі айтасың ба?	76%	24%
8	Саған мұғалімнің қатал болғаны ұнай ма?	28%	72%
9	Сенің сыныпта достарың көп пе?	76%	24%
10	Сыныптастарың саған ұнай ма?	88%	12%

Жиынтық кестені талдау негізінде білім алушылардың 3 тобын ажыратуға болады:

№	Төменгі деңгей	Орташа деңгей	Жоғары деңгей
	0-14 ұпай	15-24 ұпай	25-30 ұпай
1	16	6	3

Сынып:

5 «Ә»

Қатысушы: 28 оқушының 25 оқушысы қатысты.

Жалпы, оқушылардың сауалнамасы бойынша келесі қорытындылар жасауға болады:


№	Сұрақтар	Ия	Жоқ
---	----------	----	-----

1	Саған мектеп ұнай ма немесе ұнамай ма?	96%	4%
2	Таңертең сен ұйқыдан тұрғанда мектепке қуанышпен барасың ба, әлде үйде қалғың келе ме?	88%	12%
3	Егер мұғалім мектепке ертең барлығыңның келуің шарт емес, келгісі келген оқушылар ғана келсін десе, сен сабаққа келесің бе, әлде үйде қаласың ба?	76%	24%
4	Кейбір сабақтың болмай қалуы саған ұнай ма?	44%	56%
5	Саған үй тапсырмасын бермегенін қалайсың ба?	52%	48%
6	Сен сабақта үзілістің көп болғанын қалайсың ба?	60%	40%
7	Сен ата-анаңа мектеп жайында жиі айтасың ба?	48%	52%
8	Саған мұғалімнің қатал болғаны ұнай ма?	56%	44%
9	Сенің сыныпта достарың көп пе?	80%	20%
10	Сыныптастарың саған ұнай ма?	84%	16%

Жиынтық кестені талдау негізінде білім алушылардың 3 тобын ажыратуға болады:

№	Төменгі деңгей	Орташа деңгей	Жоғары деңгей
	0-14 ұпай	15-24 ұпай	25-30 ұпай
1	12	9	4

«Менің сыныбым» оқушылардың сыныптағы оқушылармен бейімділігін анықтау әдістемесі бойынша нәтиже.



5 “А” сыныбында «Менің сыныбым » әдістемесіне 25 оқушы қатысты, қорытындысы бойынша оқушылардың 12 % оқушы ойын позициясында ,8 %-ы мұғалімнен алыста , 44 % -ы мұғаліммен бірге және 36 %-ы өзін өзге балалармен теңестіру, жұп болып тұру ,ойыншылармен бірге позициясында тұр .

5 «Ә» сыныбында «Менің сыныбым » әдістемесіне 25 оқушы қатысты, қорытындысы бойынша оқушылардың 8 % -ы ойын позициясында тұр, 36 % -ы мұғаліммен бірге және 56 %-ы өзін өзге балалармен теңестіру, жұп болып тұру ,ойыншылармен бірге позициясында тұр .

Оқушылардың пәндік бейімделуі,яғни пәнге деген көз-қарасын анықтайтын «Түймедақ» әдістемесі бойынша нәтиже.

5 «А» сыныбы

Пәндер	Ұнайтын және қызықты пән	Оқуға қиын пән	Қызықсыз өтетін пән	Ұнамайтын пән
Математика	40 %	48%	0%	12%
Қазақ тілі	40 %	8%	0%	4%
Әдебиет	16%	8%	8%	20%
Жаратылыстану	24%	0%	12%	20%
Ағылшын	16%	16%	12%	4%
Орыс тілі	12%	8%	4%	0%
Тарих	32%	16%	20%	28%
Информатика	20%	0%	4%	0%
Көркем еңбек	20%	0%	0%	0%
Музыка	4%	0%	28%	8%
Д/и	60%	0%	0%	8%

5 «Ә» сыныбы

Пәндер	Ұнайтын және қызықты пән	Оқуға қиын пән	Қызықсыз өтетін пән	Ұнамайтын пән
Математика	32%	56%	8%	12%
Қазақ тілі	52%	12%	4%	0%
Әдебиет	12%	32%	4%	8%
Жаратылыстану	12%	8%	32%	4%
Ағылшын	48%	16%	4%	0%
Орыс тілі	52%	12%	12%	0%
Тарих	56%	8%	20%	12%
Информатика	40%	4%	8%	12%
Көркем еңбек	40%	4%	20%	0%
Музыка	20%	0%	12%	8%
Д/и	68%	0%	8%	0%

Қорытынды: Оқушы кіші мектеп жасынан, орта мектеп жасынан өтудегі пәндік бейімделу кезіндегі жүргізілген психологиялық зерттеу жұмысы жүргізілді.Зерттеу қорытындысы бойынша оқушылардың ұнататын, оқуға қиын,қызықсыз өтетін және де мүлдем ұнамайтын пәндері белгіленді.

- **Әдістеме атауы:**“Оқушылардың ақпаратты қабылдау түрін анықтауға арналған тест (С.Ефремцева)” .

Мақсаты: Оқушылардың ақпаратты қабылдау түрін анықтау

Зерттелуші: 5 «А»,5 «Ә» сынып.

Барлық оқушы саны: 55

Қатысқаны:

Сынып	Аудиал	Визуал	Кинестетик
5 «А»	8	4	13
5 «Ә»	10	2	7

Қорытынды:

Оқушылардан ақпаратты қабылдау жүйесін анықтау үшін психологиялық зерттеу жұмысы жүргізілді. Зерттеу қорытындысы бойынша 5 "А" сынып оқушыларының 29 % (8)- аудиал, 14 % (4)- визуал, 46% (13)- кинестетик. 5 "Ә" сынып оқушыларының зерттеу қорытындысы бойынша 36 % (10)- аудиал, 7 % (2)- визуал, 25% (7)- кинестетик.

II. 10 сынып оқушыларының жоғары буынға бейімделуі.

Оқушылардың сыныптық бақылау аясында мазасыздық деңгейін анықтауға арналған Ч.Д Спилбергер-Ю.Л Ханин тестінің анализі.


Зерттеу жүргізілген сынып: 10 а,ә,б.

Жалпы оқушы саны: 73.

Мақсаты: кіші және орта жастағы балаларда болатын мазасыздықтың түрін және деңгейін зерттеу.

10 «А» сынып бойынша:

Оқушы саны: 28



Бұл сауалнамаға 10 «А» сыныбынан 28 оқушы қатысты. Сынып жалпы алаңдаушылық бойынша қалыпты деңгейде, ал жеке алаңдаушылық бойынша сыныптың 46 %-ы жоғары деңгейді көрсетіп тұр.

10 «Ә» сынып бойынша:


Оқушы саны: 28



Сауалнамаға 10 «Ә» сыныбынан 28 оқушы қатысты. Сынып жалпы алаңдаушылық бойынша қалыпты деңгейде, ал жеке алаңдаушылық бойынша сыныптың 32 %-ы жоғары деңгейді көрсетіп тұр.

10 «Б» сынып бойынша:

Оқушы саны:17



10 «Б» сыныбынан 17 оқушы қатысты. Сынып жалпы алаңдаушылық бойынша қалыпты деңгейде, ал жеке алаңдаушылық бойынша сыныптың 47 %-ы жоғары деңгейді көрсетіп тұр.

Сауалнама қорытындысы сынып жетекшілерге таныстырылып, оқушылардың мазасыздануының деңгейін төмендету мақсатында, оқушылармен топтық және жекелей психологиялық тренинг- жаттығулары, әңгімелесу, кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Сынып ұжымдарының бірлігін зерттеу(КОК)

Атауы: сыныптағы психологиялық климатты зерттеу

Мақсаты: оқу тобында психологиялық климат деңгейінің сандық көрінісін табу.

Сишордың топтық бірлігі индекcін анықтау.

Жалпы оқушы саны :75

Қатысқаны :67

Сынып	Төменгі деңгей т/б	Орташа деңгей т/б	Жоғары деңгей т/б
	5-6 ұпай	7-11 ұпай	12-20 ұпай
10 А	0	2	20
10 Ә	0	6	21
10 Б	0	4	14

Қорытынды :

- 10 А сынып оқушыларының 10(45 %) –топтық татулықтың жоғары деңгейін,10(45%) - орташадан жоғары деңгейін және 2(10%) –орташа деңгейін көрсетті.Сынып ұжымы ұйымшылдығы бойынша жақсы деңгейде,ешқандай қиындықтар жоқ.
- 10 Ә сынып оқушыларының 21(78 %) –топтық татулықтың жоғары деңгейін, 6(22%) –орташа деңгейін көрсетті.Сынып ұжымы ұйымшылдығы бойынша жақсы деңгейде,ешқандай қиындықтар жоқ.
- 10 Б сынып 14(78%) –топтық татулықтың жоғары деңгейін, 4(22%) –орташа деңгейін көрсетті.Сынып ұжымы ұйымшылдығы бойынша жақсы деңгейде,ешқандай қиындықтар жоқ.

Әдістеме атауы: «Лусканов сауалнамасы»

Мақсаты: Оқушылардың оқу мотивация деңгейін анықтау

Сынып: 6 «А», 6 «Ә».

Жалпы оқушы саны: 57

Қатысты: 49

Жиынтық кестені талдау негізінде білім алушылардың 3 тобын ажыратуға болады:

Сынып	Төменгі деңгей 0-14 ұпай	Орташа деңгей 15-24 ұпай	Жоғары деңгей 25-30 ұпай
6 «А»	5	14	4
6 «Ә»	6	19	1

Сауалнама нәтижесі бойынша оқу мотивациясы төмен деңгейде деп анықталған оқушылармен әңгімелесу мен түзету жұмыстары жүргізілді. Ата-анаға және пән мұғалімдеріне кеңес беру мен ұсыныстар айтылды.

Мұғалімдердің эмоционалды құлдырау деңгейін зерттеу

Зерттеу түрі: Сауалнама

Мақсаты: Лицей педагогтерінің эмоциялық күйін және қызметіне қанағаттану деңгейін анықтау

Қатысты: 35

Барлық сұрақтарға 4 жауап нұсқасы берілді: толық келісемін, келісемін, келіспеймін, мүлдем келіспеймін.

№	Сауалнама сұрақтары	+	-	Баға
1	Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын	97%	3%	5
2	Мен тиімді әдістемелік көмек аламын	97%	3%	5
3	Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын	97%	3%	5
4	Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын	97%	3%	5
5	Мектеп оқушылар арасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді	100%	0%	5
6	Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын	97%	3%	5
7	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	97%	3%	5
8	Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын	89%	11%	5
9	Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын	100%	0%	5

10	Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынды	97%	3%	5
11	Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған	94%	6%	5
12	Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген	94%	6%	5
13	Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады	100%	0%	5
14	Мен оқушылармен қарым-қатынасыма қанағаттанамын	100%	0%	5
15	Мен сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма қанағаттанамын	97%	3%	5

Қорытынды: Лицей мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде педагогтердің мектепте эмоционалды құлдырау байқалған жоқ және білім беру мекемесіндегі қызметіне қанағаттану деңгейі 89-100% аралығында ауытқитынын көрсетті, бұл «өте жақсы» деген бағаға сәйкес келеді. Мұғалімдер өз пікірлерінде педагогикалық ұжым мен әкімшіліктің жұмысы туралы оң пікірлер қалдырды.

Дифференциалды-диагностикалық сауалнама

Автор: Е.А. Климов

Мақсаты: Кәсіби қызметтің әр саласында қызығушылықтың басым екенін анықтау:

"адам-адам", "адам-табиғат", "адам-техника", "адам - белгі жүйесі", "адам - көркем образ".

Осы мақсаттарға байланысты келесі міндеттер қойылды:

- оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділігін зерттеу;
- оқушылардың сауалнамасы арқылы оқушының бейінді және кәсіби өзін-өзі анықтауға дайындығына мониторингті жүзеге асыру;
- оқушылардың бойында өзін-өзі бағалауды қалыптастыруға ықпал ету.

Қатысты : барлығы 153 оқушы

9 «А» - 20 оқушы(23)

9 «Ә» - 18 оқушы(22)

9 «Б» - 16 оқушы(19)

10 «А» - 21 оқушы(27)

10 «Ә» - 21 оқушы(27)

10 «Б» - 15 оқушы(19)

11 «А» - 20 оқушы(21)

11 «Ә» - 22 оқушы(22)

№	Атауы	Айқын бейімділікті көрсеткен	Пайыздық көрсеткіш
		Адам саны	%

1.	Диагностикадан өткен оқушылар саны	153	85%
2.	"Адам-табиғат" типіндегі мамандықтарға бейімділігі бар оқушылар саны	34	22%
3.	"Адам-техника" типіндегі мамандықтарға бейімділігі бар оқушылар саны	27	18%
4.	"Адам-адам" типіндегі мамандықтарға бейімділігі бар оқушылар саны	41	27%
5.	"Адам-белгілеу жүйесі" типіндегі мамандықтарға бейімділігі бар оқушылар саны	23	15%
6.	"Адам-көркем бейне" типіндегі мамандықтарға бейімділігі бар оқушылар саны	28	18%
Қорытынды:		<p>9-10-11 сынып оқушыларының кәсіби қызметінің әр саласында қызығушылықтың бейімділігін анықтау талдауы көрсеткендей, 27% адам-адам, 15% – адам-белгілеу жүйесі, 22% - адам-табиғат, 18% – адам – техника, 18% – адам – көркемдік бейне таңдады.</p> <p>Бұл нәтижелер оқушылардың басым көпшілігі адам – адам сияқты мамандықтарға, сондай - ақ адам-табиғат сияқты бағытқа бәсеңдік беретіндігін көрсетеді, сондықтан дәл осы бағыттарда оқу профилін таңдаған жөн.</p>	

Түзету-дамыту жұмыстары

1.«Эмоционалды интеллект»

Мақсаты: Негізгі эмоциялық күйлермен танысу және эмоцияны басқара алу қабілетін дамыту.

2. «Қауіпті жағдайлар,сыпайы бас тарту»

Мақсаты: Қауіпті жағдайлардың түрлері, сондай жағдайлар туындағанда дұрыс шешім қабылдау дағдысы мен қауіпсіздік ережелері және оқушылардың жауапкершілік сезімін дамыту мақсатында жүргізілді .

3. «Оқушының мектептегі оқу-мотивациясы»

Мақсаты:Оқушылардың мектепке деген қызығушылығын арттырудағы мұғалімдердің берер көмегін анықтау

4.«Оқушының өзін-өзі бағалауы-ата-аналарға арналған»

Мақсаты:Оқушылардың өзін-өзі бағалауындағы ата-аналардың рөлін көрсету

5. «Өзін-өзі бағалауды арттыру»

Мақсаты: Оқушылардың өзін-өзі бағалауын арттыру,өзін-өзі тануға көмектесу

6. Психоэмоционалды өзін-өзі реттеуді дамыту

Мақсаты: Психоэмоционалды өзін-өзі реттеуге көмектесу, эмоцияларды дұрыс қолдана білуге үйрету

7. Мақсат қоя білу дағдыларын дамыту

Мақсаты: Оқушылардың дiттеген мақсатына жетуге мiнез-құлықты дамыту

8. Психоэмоционалды қысым деңгейiн төмендетуге арналған тренинг

Мақсаты: Мұғалiмдердiң мектептегi психоэмоционалды қысым деңгейiн түсiру, көңiл-күйдiң қалыпты деңгейiн көтеру



Консультативтік-ағартушылық жұмыс

Консультативтік сүйемелдеу барысында келесі мәселелер қаралды:

Оқу қиындықтарын жеңу проблемалары, білім беру бағытын нақтылау. "Оқушы-оқушы", "оқушы-мұғалім" тұлғааралық қатынастар. Балалар мен ата-аналар қарым-қатынасының ерекшеліктері. Бесінші сынып оқушыларының бейімделу кезеңінің мәселелері. Отбасындағы балаларды тәрбиелеу және дамыту ерекшеліктері. Мінез-құлық проблемалары. Консультативтік бағытты іске асыру кезінде ата-аналардың, мұғалімдердің, әкімшіліктің сұрауы бойынша жеке консультациялар өткізілді; сондай-ақ жалпы мектеп жиналысында сөз сөйлеу түріндегі топтық консультациялар ("отбасындағы жасөспірімдермен жанжалдарды реттеу жөніндегі кеңестер"). Есепті кезеңде 14 консультация өткізілді. Бірінші жартыжылдықта мазасыздық пен шиеленісті жеңілдету үшін 5-сынып оқушыларымен жеке және топтық консультациялар өткізілді. Сондай-ақ, осы мақсатта 5-6 сынып оқушыларымен (жаңадан келгендермен) әңгімелер жүргізілді.

Педагогикалық кеңестерге ("релаксация эмоционалды қысымды жеңілдету әдісі ретінде"), жиналыстарға, сынып жетекшілердің қатысуы жүзеге асырылды.

«Жасөспірімдердің жыныстық қол сұғылмаушылық бойынша есебі»

Лицей бойынша кәмелетке толмағандар арасында жыныстық қол сұғылмаушылық бойынша және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында арнайы жоспар құрылып, жоспар бойынша жұмыстар атқарылуда.

«Қыз баланың бой жетуі» тақырыбында қыздар жиналысы ашылды.

Жиналыстың мақсаты: Жас жеткіншектер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу, жастардың адам тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыра отырып, болашақта ұрпақ қамын, ұлт тағдырын ойлайтын қоғамның мүшесі болуларына жағдай жасау, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында түсініктеме беру. Жиналыс барысында ұрпақ тәрбиесіне байланысты ата – бабалар ілімдері туралы түсініктерін қалыптастыру орындалды. Отбасын құру мен бала тәрбиесіне байланысты жауапкершіліктерін арттыру жайында сөз қозғалып, жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесінің мән – мағынасы ашып көрсетілді. Қыздар жиналыс соңында сұрақтарына жауап алды.



«Ерте жыныстық қатынас және оның салдары» тақырыбында қыздар жиналысы өтті. Жиналысқа директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, лицей медбикесі, лицей психологі және № 13 қалалық ауруханасы гинекологінің қатысуымен қыз балаларының арасында ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында жұмыс жүргізілді. Лицей медбикесі мен аурухана гинекологі - етеккір кезіндегі болатын ағзадағы физиологиялық өзгерістер жайында, сонымен қатар жыныстық қатынас туралы сөз қозғады. «Ерте жүктілік несімен қауіпті?» және «Қажетсіз жүктіліктен қалай сақтану керек?» туралы сұрақтар қозғалды. Сонымен бірге, аталған іс-шараға қатысты оқушыларға бейнебаян көрсетілді. Жиналыс сырласу түрінде өтіп, оқушылар жақсы көңіл-күймен тарады.

«Қыз тәрбиесі-Қоғам тәрбиесі» тақырыбында қыздар жиналысы өтті.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, лицей медбикесі, лицей психологі және қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімінің қатысуымен жиналыс жүргізілді.

Мақсаты : қазақ халқының әдет-ғұрып,салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып,қыз балаға келешекте ана алдында қоғамның, елдің, ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып,әдепті,сыпайы, адамгершілігі мол, білімді, жан-жақты жетілген қыз бала тәрбиелеу.

Жиналысқа 7-8 сынып қыздары қатысты.Жиналыс барысында қыздарға –қоғамдағы орны,тәрбиесі және қырық үйден тыйым жайлы дәріс оқылды.



Ата-аналарға жиналыс кезінде балалардың бақытты шағы деген тақырыпта баяндама оқылды. Ата-аналарға бала өміріндегі жәбірленудің алдын-алу шаралары жайлы ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтық алдын алу бойынша жүргізілген жұмыс есебі

2023 – 2024 оқу жылына жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында арнайы жоспар құрылды және де жоспар бойынша жұмыстар атқарылуда.

Қыркүйек-қазан айларында 7-11 сыныптар арасында «Кондаш», «Спилбергер-Ханин», «Э.Ховард» әдістемелері алынды.

Мақсаты: Оқушылардың бойындағы мазасыздық деңгейін, мазасыздану жағдайлары мен стресске төзімділігін анықтау.

Қатысушылар: 7 «А», 7 «Ә».

Саны: 39 **Қатыспағаны:** 2

ӘДІСТЕМЕ: «Мектептегі мазасыздық шкаласы» Кондаш әдістемесі

МАҚСАТЫ: оқушылар бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау.

Әдістемелікте жағдайлардың үш түрі қарастырылады:

- 1) мектеппен және мұғаліммен арақатынасқа байланысты жағдайлар
- 2) өзі туралы түсініктерді өзектеу жағдайлары
- 3) тұлға аралық қатынас жағдайлары

№	Сыныбы	Оқушы саны	Қалыпты жағдай	Аздап жоғары	Жоғары	Өте жоғары	Шамадан тыс тыныштық
1.	7 «А»	21	13	2	0	0	6
2.	7 «Ә»	18	14	0	0	0	4
	Жалпы сыныптың мониторингі	39	27	2	0	0	10
	Пайыз		69%	5%	0%	0%	26%

Қорытынды: 7 «А», 7 «Ә» сынып оқушыларының мазасыздық деңгейі анықтау барысында тест нәтижесінде 27 оқушының мазасыздану күйі қалыпты, 2 оқушының мазасыздануы аздап жоғары, 10 оқушының мазасыздануы төмен екені анықталды. Нәтиже кесте түрінде ұсынылды.

Қатысушылар: 8 «А», 8 «Ә», 8 «Б», 8 «В».

Саны: 86 **Қатыспағаны:** 4

ӘДІСТЕМЕ: «Мектептегі мазасыздық шкаласы» Кондаш әдістемесі

МАҚСАТЫ: оқушылар бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау.

Әдістемелікте жағдайлардың үш түрі қарастырылады:

- 1) мектеппен және мұғаліммен арақатынасқа байланысты жағдайлар
- 2) өзі туралы түсініктерді өзектеу жағдайлары
- 3) тұлға аралық қатынас жағдайлары

№	Сыныбы	Оқушы саны	Қалыпты жағдай	Аздап жоғары	Жоғары	Өте жоғары	Шамадан тыс тыныштық
1.	8 «А»	25	7	2	-	-	16
2.	8 «Ә»	23	8	1	-	-	14
3.	8 «Б»	19	11	2	-	-	6
4.	8 «В»	19	12	2	1	-	4
	Жалпы сыныптың мониторингі	86	38	7	1	0	40
	Пайыз		44 %	8 %	2 %	0 %	46%

Қорытынды: 8 «А», 8 «Ә», 8 «Б», 8 «В» сынып оқушыларының мазасыздық деңгейі анықтау барысында тест нәтижесінде 38 оқушының мазасыздану күйі қалыпты, 7 оқушының мазасыздануы аздап жоғары, 1 оқушының мазасыздануы жоғары, 40 оқушының мазасыздануы төмен екені анықталды. Нәтиже кесте түрінде ұсынылды.

Қатысушылар: 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б».

Саны: 65 **Қатыспағаны:** 0

ӘДІСТЕМЕ: «Мектептегі мазасыздық шкаласы» Кондаш әдістемесі

МАҚСАТЫ: оқушылар бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау.

Әдістемелікте жағдайлардың үш түрі қарастырылады:

- 1) мектеппен және мұғаліммен арақатынасқа байланысты жағдайлар
- 2) өзі туралы түсініктерді өзектеу жағдайлары
- 3) тұлға аралық қатынас жағдайлары

№	Сыныбы	Оқушы саны	Қалыпты жағдай	Аздап жоғары	Жоғары	Өте жоғары	Шамадан тыс тыныштық
1.	9 «А»	22	6	2	-	-	14
2.	9 «Ә»	23	9	4	1	-	9
3.	9 «Б»	20	10	3	-	-	7
	Жалпы сыныптың мониторингі	65	25	9	1	0	30

	Пайыз		38%	14%	3%	0%	46%
--	-------	--	-----	-----	----	----	-----

Қорытынды: 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б» сынып оқушыларының мазасыздық деңгейі анықтау барысында тест нәтижесінде 25 оқушының мазасыздану күйі қалыпты, 9 оқушының мазасыздануы аздап жоғары, 1 оқушының мазасыздануы жоғары, 30 оқушының мазасыздануы төмен екені анықталды. Нәтиже кесте түрінде ұсынылды.

- **10 «А»** сынып оқушыларын жалпы сыныптық бақылау аясында «алаңдаушылықтың деңгейін анықтауға арналған жеке және жағдайға байланысты алаңдаушылық шкаласы» (Ц.Д.Спильбиргер-Ю.Л.Ханин) алынды.

Тексеру мақсаты: Оқушылардың мазасыздану жағдайларын анықтау

Барлығы: 28 оқушы

Қатысқаны: 28 оқушы

Сынып оқушыларының қорытындысы есебінде жалпы жағдайлық алаңдаушылық бойынша оқушылардың 75 % -ында орташа алаңдаушылық деңгейі анықталды.

Ал жеке алаңдаушылық бойынша сынып оқушыларының 46 %-ында жоғары алаңдаушылық деңгейі, ал қалған 53 %-ында орташа алаңдаушылық деңгейі анықталды.

- **10 «Ә»** сынып оқушыларын жалпы сыныптық бақылау аясында «алаңдаушылықтың деңгейін анықтауға арналған жеке және жағдайға байланысты алаңдаушылық шкаласы» (Ц.Д.Спильбиргер-Ю.Л.Ханин) алынды.

Тексеру мақсаты: Оқушылардың мазасыздану жағдайларын анықтау

Барлығы: 29 оқушы

Қатысқаны: 28 оқушы

Сынып оқушыларының қорытындысы есебінде жалпы жағдайлық алаңдаушылық бойынша оқушылардың 78% -ында орташа алаңдаушылық деңгейі анықталды, қалған оқушыларда төменгі алаңдаушылық деңгейі.

Ал жеке алаңдаушылық бойынша сынып оқушыларының 32 %-ында жоғары алаңдаушылық деңгейі, ал қалған 68 %-ында орташа алаңдаушылық деңгейі анықталды.

- **10 «Б»** сынып оқушыларын жалпы сыныптық бақылау аясында «алаңдаушылықтың деңгейін анықтауға арналған жеке және жағдайға байланысты алаңдаушылық шкаласы» (Ц.Д.Спильбиргер-Ю.Л.Ханин) алынды.

Тексеру мақсаты: Оқушылардың мазасыздану жағдайларын анықтау

Барлығы: 17 оқушы

Қатысқаны: 17 оқушы

Сынып оқушыларының қорытындысы есебінде жалпы жағдайлық алаңдаушылық бойынша оқушылардың 82 % -ында орташа алаңдаушылық деңгейі, қалғанында төмен деңгейдегі алаңдаушылық анықталды.

Ал жеке алаңдаушылық бойынша сынып оқушыларының 47 %-ында жоғары алаңдаушылық деңгейі, ал қалған 53%--ында орташа алаңдаушылық деңгейі анықталды.

Э.Ховард бойынша стресске төзімділік

- **Сынып :11 «А»**

Жалпы оқушы саны :21

Қатысты :20

11 сынып оқушыларымен Э. Ховард әдісі бойынша стресске төзімділік тесті оқушылардың стресске төзімділігін, мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді. 11 «А» сынып оқушыларынан Э. Ховард бойынша стресске төзімділік тестіне 20 оқушы қатысты.

Тесттің қорытындысы бойынша қатысқан оқушылар 15 -25 ұпай жинаған 4 оқушының стресске бейімділігі төмен; ал 26 -35 ұпай жинаған 15 оқушының стресске бейімділік деңгейі қалыпты және 1 оқушының стресске бейімділігі жоғары екендігі анықталды.

- **Сынып** :11 «Ә»

Жалпы оқушы саны :22

Қатысты :20

11 сынып оқушыларымен Э. Ховард әдісі бойынша стресске төзімділік тесті оқушылардың стресске төзімділігін ,мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді. 11 «Ә» сынып оқушыларынан Э. Ховард бойынша стресске төзімділік тестіне 20 оқушы қатысты. Тесттің қорытындысы бойынша қатысқан оқушылар 15 -25 ұпай жинаған 15 оқушының стресске бейімділігі төмен; ал 26 -35 ұпай жинаған 5 оқушының стресске бейімділік деңгейі қалыпты екендігі анықталды.

Қорытынды :Әдістемеге 303 оқушы қатысты.Оқушылар шынайы жауап берді.Әдістеме қорытындысы бойынша мазасыздануы жоғары деп көрсетілген оқушылар жеке шақырылып,себебі анықталып,мазасыздықтан айырылуы бойынша жұмыстар жүргізілді.

Аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім балалармен әңгімелесу бойынша жиналыста ата-аналарға жадынама таратылды.

Қараша айында «**Эмоционалды интеллект**» тақырыбында 5 сынып оқушыларымен тренинг жұмысы жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың эмоциялық сферасын дамыту,эмоцияларды тану және оны басқару.

Тренинг барысында «Эмоционалды интеллект» жайлы және эмоция түрлеріне түсінік беріліп,қысқаша дәріс оқылды және оқушылар тақырыпқа байланысты әр түрлі жаттығулар жасады.Тренингке барлық оқушылар белсенді түрде қатысты.Тренинг соңында оқушылар өз ойымен бөлісіп,кері байланыс жасады.



Қараша айында 6 сыныптар арасында «Менің өмірімдегі ең бақытты күн» тақырыбында сурет байқауы өтті. Оқушылар 6«А» және 6«Ә» сыныптарынан қатысты. Байқау барысында оқушылар белсенді қатысып, нәтижелері бойынша жақсы сурет салған 6 «А» сынып оқушылары жеңді.

Қараша айында ата – аналар жиналыстарында «Біздің балаларымыздың денсаулығы» тақырыбында баяндама оқылып, суицидке бейім балалар, бұл жағдайда не істеу керек? Қалай қол ұшын беру керек туралы түсінік жұмысын лицей психологы жүргізді.



Желтоқсан айында 6 сынып оқушыларынан (Л.П Пономаренко, Д.Лампен) - «Ағаштағы адамдар» әдістемесі алынды.

Мақсаты: Оқушылардың болмысын, эмоционалдық жай-күйін, қоғамдағы орнын, оқушыда мүмкін болатын мәселені анықтау.

Әдістеме атауы: “Ағаштағы адамдар” әдістемесі

Мақсаты: Оқушылардың болмысын, эмоционалдық жай – күйін, қоғамдағы орнын, оқушыдағы мүмкін болатын мәселені анықтау (автор: Д.Лампен, Л.П.Понамаренкомен)

Нұсқау: “Өмір” атты ағашта өзін нақ осы шақта белгілеу

Зерттелуші: 6”А” сынып

Барлық оқушы саны:27

Қатысқаны:23

Қорытынды :Сынып оқушыларының 22(96 %) -ы жақсы, жағымды сандарды таңдаған, олардың психоэмоционалдық күйі қалыпты жағдайды көрсетеді, ал 1(4 %) -ы жағымсыз санды таңдаған, яғни оқушы өзінің ішкі әлеміне, терең ойға кетуге бейім адам. (Кундакпаев Абдэль).



Әдістемені алу үшін арнайы ағаштағы адамдар бейнеленген сурет беріледі. Оқушылар сол ағаштағы адамды таңдап, нөмерін белгіледі. Осы әдістеме арқылы оқушылардың қоғамдағы орны, психоэмоционалды жағдайы анықталды.

Желтоқсан айында «Сыпайылық үлкен ғылым» тақырыбында 5-6 сынып оқушыларымен тренинг жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Оқушыларды бір-бірімен, айналадағы ортамен үйлесімді қарым-қатынас жасауға дағдыландыру, мәдени сөйлеу біліктілігін дамытуға, өзара жағымды қарым-қатынасын арттыру, оларды адамгершілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Тренинг барысында «сыпайылық» жайлы және адамгершілік қасиеттеріне түсінік беріліп, баяндама оқылды және оқушылар тақырыпқа байланысты әр түрлі жаттығулар жасады. Психолог әр оқушының өз ойын білдіруіне мүмкіндік жасады. Тренингке оқушылар белсенді түрде қатысты. Тренинг соңында оқушылар, психолог берген сиқырлы қобдишадағы жақсы қасиеттерді лайықты деп санаған адамдарына беріп, жылы лебіздерін шарды беру арқылы білдірді.

«Күйзеліс пен стрессті қалай жеңуге болады» тақырыбында 8 сынып оқушыларына баяндама оқылды.

Мақсаты: Жасөспірімдердің стресстік жағдайлардағы психологиялық сауатын арттыру

Дәріс барысында оқушыларға стресстік жағдайда қалай жеңу керектігі және оның алдын алу бойынша дәріс оқылып, оқушыларға кеңестер берілді. Дәріс соңында оқушылар өздерін мазалайтын сұрақтар қойып, сұрақтарына жауап алды.

«Сен өзгерсең сенің әлеміңде өзгереді» тақырыбында 9 сынып оқушыларымен тренинг жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Оқушыларды бір-бірімен, айналадағы ортамен үйлесімді қарым-қатынас жасауға дағдыландыру, мәдени сөйлеу біліктілігін дамытуға, өзара жағымды қарым-қатынасын арттыру, оларды адамгершілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

«Өмірді сүйу – өзіңнен басталады» тақырыбында 7 сынып оқушыларымен тренинг жұмысы жүргізілді.

Мақсаты: Қатысушылардың өзін – өзі тануына, өз қадірін өзі білуге, өзін сыйлауға, өзгелердің көзқарасына тәуелді болмауға, өзін – өзі рухани жетілдіруге, өмір сүруге құлшынысын арттыру.

Қатысушылардың көңіл-күйлерін орынды, дәл жеткізе білу дағдыларын жетілдіру. Тренинг басында оқушылардың көңіл-күйлері сұралып, тақырыпқа сай тренинг-жаттығулары жасалды. Тренинг соңында оқушыларға өзіне деген сенімділік арттыруға және өзін жақсы көруге байланысты кеңестер берілді. Оқушылармен бірлесе ситуациялық сұрақтарды ортаға сала отырып талданды. Оқушыларға сұрақтар қойылып, пікірлері тыңдалды. Оқушылар белсенді түрде қатысып, жақсы көңіл-күймен шықты.



«Қиын жағдайлар мені не нәрсеге үйрете алады?» тақырыбында 8 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел – ашық әңгіме жұмысы жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылармен қиын жағдайлардың не нәрсеге үйрететінін, адам бойында қандай қасиеттер қалыптастыратыны жайлы пікір алмасу.

«Мектепшілік буллингтің алдын-алу бойынша жұмыс есебі»

Мақсаты : Білім беру ұйымында балалар арасындағы өзара қарым-қатынас қалыптастыру және олардың әлеуметтенуіне ықпал ету.

Міндеттері:

- қарым-қатынас дағдыларын дамыту, оқушылардың өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру;
- жанжалдарды бейбіт жолмен шешу дағдыларын үйрету.
- буллингтің алдын алу мәселелері бойынша педагогтар мен ата-аналардың құзыреттерін дамыту;
- білім алушыларда девиантты мінез-құлық құбылыстарының пайда болуының алдын алу;

Диагностика

Зерттеу түрі: Googleforms онлайн форматта сауалнама

Мақсаты: Оқушылар арасында буллинг белгілерін ерте анықтау

Қатысты: 5-9 сынып оқушылары

5-9 сынып оқушылары арасында 230 оқушы қатысты. Сауалнама Google Forms онлайн форматында жүргізілді. Алынған сауалнама 12 сұрақтан тұрады. Қорытындысында бопсалау фактісі бойынша қатысқан оқушылардың 91%-ы жоқ, 9%-ы иә ондай жағдай болған деп белгілеген. Және де бопсалау, қорлау немесе зорлық-зомбылық фактілері орын алып жатқан жағдайларда оқушылардың :

1. 37%-мұғалімге,
2. 20%-ата-анаға,
3. 18%- мектеп инспекторына,
4. 16%-полицияға,
5. 9%- дос, құрдастарына хабарлаймыз деп көрсетті.

Ұсыныс:

- 1.Өзін-өзі бақылау және өзін-өзі реттеу дағдыларын үйрету.
2. Оқушыларда эмпатия және толеранттылық сезімін дамыту.
3. Оқушыларға жанжалдарды шешудің сындарлы жолын үйрету.

Зерттеу түрі: Googleforms онлайн форматта сауалнама

Мақсаты:Ата-ананың буллинг,кибербуллинг тақырып аясындағы түсінігін анықтау,оқушының буллингке ұшырағанын не ұшырамағанын анықтау

Қатысқан ата-ана саны:133

Сауалнама 7 сұрақтан құрастырылып, Googleforms онлайн форматында мектеп оқушыларының ата-аналарынан алынды.Сауалнамада 5 сыныптан 11 сыныпқа дейінгі оқушылардың ата-аналары жауап берді .Буллинг/Кибербуллинг не екенінен хабарыңыз бар ма деген сұраққа ата-аналардың 47 %-ы иә жақсы білемін,38 %-ы естуім бар,15 %-ы білмеймін деп жауап берген.Баласының бұрын соңды буллингке тап болдыма деген сұраққа 79%-ы иә жоқ ондай жағдай болмаған,18 %-ы білмеймін және 3 %-ы болған деп жауап берді .Ата-аналардан сондай-ақ осы буллинг туралы өз балаларына тәрбие сағатын жүргізіп тұруы жайлы сұралды,ата-аналардың көбісі баласымен осы тақырыпта әңгіме жүргізетінін айтты.Және де осындай жағдайға тап болғанда көп ата-ана мектеп әкімшілігіне жүгінетінін айтты.

Түзету-дамыту жұмысы

2023-2024 оқу жылының қараша айында 5 сынып оқушыларының достық қарым-қатынасын нығайту мақсатында дәріс,пікір алмасу жүргізілді. Дәріс кезінде оқушыларға психолог әртүрлі тақырыпқа байланысты ситуацияллық сұрақтар қойды.Оқушылармен бірге бірлесе отырып ситуациялық сұрақтарды ортаға сала отырып талданды. Оқушылар арасында «**Достық – татулықтан басталады**» тақырыбында арнайы видеороликтер көрсетілді. Оқушыларға сұрақтар қойылып , пікірлері тыңдалды.



2023-2024 оқу жылының қазан айында мектепте оқушылар арасында буллинг пен кибербуллингтің алдын алу мақсатында арнайы жоспар құрылып, сол жоспар бойынша оқушыларға дәрістер жүргізілді. Дәріс кезінде оқушыларға психологтар тарапынан әртүрлі сұрақтар берілді. Оқушылармен бірге бірлесе отырып ситуациялық сұрақтарды ортаға сала отырып талданды. Оқушылар арасында «Әлімжеттік мен буллинг» тен қалай сақтануға болады тақырыбында арнайы видеороликтер көрсетілді. Оқушыларға сұрақтар қойылып, пікірлерін естідік. Жалпы мектепте оқушылар арасында буллинг және кибербуллингтің алдын алуға байланысты психопрофилактикалық жұмыстар жүргізілді. Мектепте арнайы сенім почтасы жұмыс жасайтындығы оқушыларға айтылды.




8 сынып оқушыларымен «жақсы пікір айтайық» қарым-қатынасын нығайту мақсатында дәріс-тренинг жүргізілді. Дәріс кезінде оқушыларға психолог әртүрлі тақырыпқа байланысты ситуациялық сұрақтар қойды. Оқушылармен бірге бірлесе отырып ситуациялық сұрақтарды ортаға сала отырып талданды. Оқушыларға сұрақтар қойылып, пікірлері тыңдалды.



7 сынып оқушыларымен «Қақтығыстарды шешудің жолдары мен тәсілдері» оқушылар арасындағы жанжалды шешу тәсілдерін анықтау мақсатында тренинг жүргізілді. Дәріс кезінде оқушылар белсенді қатысты, оқушыларға психолог әртүрлі тақырыпқа байланысты ситуациялық сұрақтар қойды. Оқушылармен бірге бірлесе отырып ситуациялық сұрақтарды ортаға сала отырып талданды. Оқушыларға сұрақтар қойылып, пікірлері тыңдалды. Оқушылар жақсы-көңіл күймен сабақтан қайтты.



Мектепте оқушылар арасында әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік ережелері туралы мәлімет беру мақсатында оқушыларға баяндама оқылды, сол бойынша оқушылармен жұмыстар жүргізілді. Дәріс кезінде оқушыларға психологтар тарапынан әртүрлі ситуациялық сұрақтар тақырыпқа байланысты берілді. Оқушылармен бірге бірлесе отырып ситуациялық сұрақтарды ортаға сала отырып талданды. Оқушыларға сұрақтар қойылып, пікірлерін естідік. Әр оқушы өз ойымен бөлісті.



Қорытынды: өткен кезеңдегі барлық жұмыстарды талдай отырып, барлық іс-шаралар перспективалық жұмыс жоспарына сәйкес және барлық бағыттар бойынша жүргізілді деп айтуға болады. Жүргізілген жұмыс өз кәсіби мүмкіндіктерін анықтауға, сондай-ақ өз қызметін іске асырудың және болашақта кәсіби өсудің негізгі жолдарын анықтауға мүмкіндік берді. Келесі оқу жылында тұрақсыз психо - эмоционалды жағдайы төмен балалармен жұмысты күшейтуге, сондай-ақ дарынды балалармен жұмыс істеуге назар аудару қажет. Өткен жылғы қызметті талдауды ескере отырып, келесі жылы қызметін жалғастыру қажет.

Қорытындыларды талдай отырып, келесі оқу жылында шешілуі керек мәселелерді және оларды шешу жолдарын атап өткім келеді.

Психопрофилактика және психологиялық білім беру саласында педагогикалық ұжымның, әсіресе сынып жетекшілері мен ата-аналардың психологиялық құзыреттілігін арттыруға ерекше назар аудару қажет. Осы мақсатта оқушылардың жас ерекшеліктеріне, сондай-ақ дарынды балалардың ерекшеліктеріне байланысты тақырыптар бойынша дәрістер, дөңгелек үстелдер, психологиялық-педагогикалық шеберханалар, ата-аналар жиналыстарын өткізуді әзірлеу.

Лицейдегі барлық жас кезеңдеріне ортақ нәрсе-әлеуметтік ортаның күрделі және тез өзгеретін жағдайларына бейімделу тақырыбы және осы тақырыпқа тікелей байланысты балалардың оқу мотивациясы, мазасыздық және агрессивтілік мәселелері.

Мүмкіндігінше, мектеп әкімшілігімен бірлесіп, дезадаптацияның алдын алу мақсатында педагогтар мен 5-сыныптың болашақ сынып жетекшісін алдын-ала анықталуы қажет.

Өткен кезеңде жүргізілген барлық жұмыстарды талдай отырып, барлық қызмет перспективалық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді және барлық бағыттар бойынша қойылған міндеттер іске асырылды деген қорытынды жасауға болады. Оқу жылы ішінде барлық жоспарланған диагностикалық процедуралар, профилактикалық және ағартушылық іс-шаралар, топтық және жеке консультациялар өткізілді. Диагностикалық нәтижелер сынып жетекшілеріне, тәрбиешілерге және ата-аналарға ұсыныстар түрінде жеткізілді.

№107 лицей педагог-психологының 2023/2024 оқу жылындағы жұмыс жоспары орындалды.

Қосымша сабақтар кестесі

2021 – 2022 оқу жылы					
Атауы	Апта күндері				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Волейбол	14:50 – 14: 45		14:50 – 14: 45		
Тоғызқұмалақ		13:10- 13:55		13:40 – 14:25	
Футбол		14: 55 – 15: 40		14: 55 – 15: 40	
Шахмат			14: 00 – 14: 45		14: 00 – 14: 45
2022 – 2023 оқу жылы					
Атауы	Апта күндері				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Волейбол	14:50 – 14: 45		14:50 – 14: 45		
Тоғызқұмалақ		13:10- 13:55		13:40 – 14:25	

Баскетбол		14: 00 – 14:45		14: 00 – 14:45	
Шахмат			14: 00 – 14: 45		14: 00 – 14: 45
2023 – 2024 оқу жылы					
Атауы	Апта күндері				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Волейбол	17:30 – 18:15		17:30 – 18:15		17:30 – 18:15
Шахмат		14:00 – 14:45		14:00 – 14:45	
Баскетбол			14:55 – 15:40		14:55 – 15:40

4.5 Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды жүзеге асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері)

Мектептегі бейіндік оқыту жұмыс оқу жоспарларының вариативтік және лицей компоненттері арқылы жүзеге асырылады. Барлық ауыспалы құрамдас бағдарламалардың орындалуы Kundelik.kz сайтында байқалады.

2021-2022 оқу жылында 10-сыныптар үшін бейіндік оқыту жаратылыстану бағыты бойынша жүзеге асырылды.

10 «А», 10 «Ә», 10 «Б», 10 «В» сыныптары бойынша:

Вариативті компонент сабақтар:

-Жаһандық құзіреттілік(кәсіпкерлік негіздері және бизнес) сабағы аптасына бір сағат;

Элективті курстар

-«Кеңістіктегі аналитикалық геометрияға кіріспе» сабағы аптасына бір сағат;

-«Физика есептерін шешу әдістемесі» сабағы аптасына бір сағат;

-«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабағы аптасына бір сағат;

Лицей компоненттері:

-«Техникалық мазмұндағы есептер шығару» сабағы аптасына екі сағат;

-«Математикалық сауаттылық» сабағы аптасына екі сағат;

Лицей үйірмелері:

-«Физиканы терең меңгеруге қажетті жоғары деңгейдегі есептерді есептер шығару» сабағы аптасына екі сағат;

-«Математикалық сауаттылық есептерін шығару әдістері»сабағы аптасына бір сағат;

- «Қатты денелердің жылулық және механикалық қасиеттері»сабағы аптасына бір сағат өтеді.

11 «А», 11 «Ә», 11 «Б» сыныптары бойынша:

Элективті курстар:

-«Алгебра және анализ бастамаларынан практикус» сабағы аптасына екі сағат;

-«Физикадан сапалы есептерді шешу тәсілдері» сабағы аптасына бір сағат;

-Денешынықтыру спорттық ойындар сабағы аптасына бір сағат;

Лицей компоненттері:

-«Комбинаторика, ықтималдық және статистика» сабағы аптасына екі сағат;

-«Физика курсы бойынша эксперименттік есептер» сабағы аптасына бір сағат;

- «Қолданбалы физиканың эксперименттік әдістері» сабағы аптасына екі сағат өтеді.

2022-2023 оқу жылында 10-сыныптар үшін бейіндік оқыту жаратылыстану бағыты бойынша жүзеге асырылды.

10 «А»,10 «Ә»,10 «Б» сыныптары бойынша «Жаһандық құзіреттілік», «Кәсіпкерлік негіздері және бизнес негіздері», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық», «Денешынықтыру спорттық ойындар сабағы» және Лицейлік компоненттер, «Физика есептерін шешу әдістемесі», «Көпмүшелер», «Қиындығы жоғары теңдеулер мен теңсіздіктер», «Өмірді ұзарту биохакинг» сабақтары өтілді.

11 «А»,11 «Ә» сыныптары бойынша «Жаһандық құзіреттілік», «Алаш тағылымы», «Эссе жазуға машықтандыру», Денешынықтыру спорттық ойындар сабағы, «Физика есептерін шешу әдістемесі», «Комплекс сандар», «Алгебра және анализ бастамаларының практикумы», «Компьютердің логикалық элементтері. Схемотехника» сабақтары өтілді.

11 «Б» сыныбы бойынша «Жаһандық құзіреттілік», «Кәсіпкерлік негіздері және бизнес негіздері»,«Эссе жазуға машықтандыру», Дене шынықтыру спорттық ойындар сабағы, «Физика есептерін шешу әдістемесі», «Комплекс сандар», «Алгебра және анализ бастамаларының практикумы», «Өмірді ұзарту және биохакинг» сабақтары өтілді.

2023-2024 оқу жылында 10-сыныптар үшін бейіндік оқыту жаратылыстану бағыты бойынша жүзеге асырылды.

10 «А»,10 «Ә» сыныптары бойынша «Қара өлеңнің құлагері» Дене шынықтыру спорттық ойындар және Лицейлік компоненттер, «Математикалық сауаттылық есептерін шығару әдістері», «Физикалық есептерді шешу әдістері, «Физиканың тадаулы есептері» сабақтары өтілді.

10 «Б» сыныбы бойынша «Қара өлеңнің құлагері» Дене шынықтыру спорттық ойындар және Лицейлік компоненттер: «Математикалық сауаттылық есептерін шығару әдістері», «Физикалық есептерді шешу әдістері, «Химиялық анализ негіздері» сабақтары өтілді.

11 «А»,11 «Ә» сыныптары бойынша «Эссе жазуға машықтандыру»,Дене шынықтыру спорттық ойындар және Лицейлік компоненттер : «Мектептегі аналитикалық геометрия», «Физикалық есептерді шешу әдістері» сабақтары өтілді.

4.6.Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды сүйемелдеу жөніндегі қызмет "мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6бұйрығы негізінде және "балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу" әдістемелік ұсынымдарына сәйкес жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға әзірленеді", автор. әдіс. Елисеева и. Г. ЖәнеЕрсарина А.К. (Алматы: ҰҒПО КП, 2019.) және "жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық сүйемелдеу" әдістемелік ұсынымдарында, автор. Ерсарина А. К. (Алматы: РСИО ҒӨО, 2022.)

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін сүйемелдеу және бағалау ол "ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жаңартылған оқу бағдарламаларын іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар" негізінде негізделеді. Ы. Алтынсарин

Бағаланатын кезеңдегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар санына салыстырмалы кесте

	2022-2023	2023-2024 оқу жылы	
	оқу жылы	Жылдың басы	Жылдың соңы
6 сыныптар	3	4	4

Жалпы мектеп бойынша	4	4	4
----------------------	---	---	---

2022-2023 оқу жылында №107 Лицей бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы негізінде Ерекше білім беру қажеттіліктері бар 3 оқушыны оқыту ұйымдастырылды. "Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 қаңтарда № 26513 тіркелген, ата-аналардың өтініштері, ПМПК анықтамалары.

№	Тегі /Аты	Сынып	ПМПК	Мемлекеттік оқу бағдарламаларын өзгерту
1	Біржан Темірлан	5 «А»	ПМПК.2022.2541 9 07.11.2022ж	Бейімделген жалпы білім беру бағ-сы бойынша 5сынып. Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту
2	Кундакпаев Абдэль	5 «А»	ПМПК.2022.2530 2 03.11.2022ж	Негізгі орта білім берудің 5сынып жеке оқу бағдарламасы бойынша білім беру. Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту
3	Тұрсынғали Нұрзат	5 «Ә»	ПМПК.2023.2722 1 12.01.2023ж	Бейімделген жалпы білім беретін оқу бағ-сы бойынша негізгі орта білім беретін мектептің жалпы 5 сыныбында оқыту

2023-2024 оқу жылында №107 Лицей бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы негізінде Ерекше білім беру қажеттіліктері бар 4 оқушыны оқыту ұйымдастырылды. "Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 қаңтарда № 26513 тіркелген, ата-аналардың өтініштері, ДКК және ПМПК анықтамалары.

№	Тегі /Аты	Сынып	ПМПК	Мемлекеттік оқу бағдарламаларын өзгерту
1	Біржан Темірлан	5 «А»	ПМПК.2022.25419 07.11.2022ж	Бейімделген жалпы білім беру бағ-сы бойынша 5сынып. Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту
2	Кундакпаев Абдэль	5 «А»	ПМПК.2022.25302 03.11.2022ж	Негізгі орта білім берудің 5сынып жеке оқу бағдарламасы бойынша білім беру. Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту
3	Тұрсынғали Нұрзат	5 «Ә»	ПМПК.2023.27221 12.01.2023ж	Бейімделген жалпы білім беретін оқу бағ-сы бойынша негізгі орта білім беретін

				мектептің жалпы 5 сыныбында оқыту
4	Алмасбай Мансұр	5 «Ә»	ПМПК.2023.31521 19.05.2023ж	Бейімделген жалпы білім беретін оқу бағ-сы бойынша негізгі орта білім беретін мектептің жалпы 6 сыныбында оқыту

№ 107 Лицей КММ психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметін құру туралы бұйрық шығарды :

- 1) педагог -психолог Лицей №107 Байдамбекова Қ.
- 2) арнайы педагог Лицей № 107 Жашимова А.Д
- 3) әлеуметтік педагог Лицей № 107 Молдаш.М
- 4) инклюзия сыныптарында сабақ беретін педагогтер

